

ӘОЖ 371.3:81'243

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ДАМУДА ДИАЛОГ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Мухатова Дамира

damiko98-98@mail.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.А.Қожахметова

Тіл адамдардың өзара қарым-қатынасын жүзеге асыруға, әлеуметтік өмірдің табиғи жағдайларында бір-біріне ықпал етуге мүмкіндік беретін қарым-қатынас құралы болып табылады. Қарым-қатынас құралы бола отырып, оқылатын тіл «пайдалануға дайын» күйде болуы тиіс. «Пайдалануға дайын» күйде болу ұғымының өзі оқушылардың орта жалпы білім беретін мекемеде оқу барысында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруын білдіреді. Осыған байланысты қазіргі кезде коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуын қадағалау өзекті болып табылады.

Оқушылардың дайындық деңгейін анықтау үшін коммуникативтік құзыреттілік ұғымын қарастырайық. «Құзыреттілік» ұғымы бастапқыда ана тілінде белгілі бір тілдік қызметті орындауға қажетті қабілетті көрсетті.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (communicative competence) ұғымы алғаш рет американдық антропологист Д.Хаймстың зерттеулерінде пайда болды, ол тіл үйренуші үшін тек лингвистикалық құзыреттіліктің жеткіліксіз екенін, сонымен қатар оның қазіргі қоғамда оқылатын тілді дұрыс пайдалануды үйрену қажет екенін айтады [1, 130].

Коммуникативтік құзыреттілік – оқушының коммуникативтік қызметін қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттері мен мүмкіндіктерінің, сондай-ақ тілдік және тілдік емес білім мен

іскерліктің жиынтығы. Коммуникативтік құзыреттілікті тұлғаның бірқатар сипаттамаларына байланысты бөліп қарастыруға болады:

1) **тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктері**, ол көптеген факторларға байланысты: тұлғаның жалпы психикалық типінен (экстравертивтілік – интравертивтілік) артикуляциялық аппараттың құрылымына дейін. Олар адамның сөйлеу және өзіндік коммуникативтік қабілетін анықтайды, табысты қарым-қатынасқа көмектеседі немесе оны қиындатады.

2) **тұлғаның әлеуметтік сипаттамалары**: шығу тегі, жынысы, жасы, кәсібі, белгілі бір әлеуметтік топқа қатыстылығы, коммуниканттың әлеуметтік рөлі.

3) **жеке тұлғаның мәдени қоры** – энциклопедиялық білім және құндылықтар. Қарым-қатынасқа қатысушылардың мәдени қорының коммуникация процесінде өзектілендірілген фрагменттері едәуір дәрежеде сәйкес келген жағдайда ғана қарым-қатынас табысты болуы мүмкін.

4) **тұлғаның тілдік құзыреттілігі** – коммуниканттың: берілген ойды әр түрлі тәсілдермен жеткізе білуі, сонымен бірге айтылуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы бойынша әртүрлі (омонимияны ажырату) және айтылуы жағынан әртүрлі пікірлердің ұқсастығын табуы (синонимияны меңгеру), тілдік тұрғыдан дұрыс сөйлемдерді дұрыс емес сөйлемдерден ажырату қабілеті; Басқаша айтқанда, бұл адамның тілді және тіл нормаларын меңгеру деңгейіне, оның мәтінді түсіну қабілетіне негізделген табысты коммуникацияға қабілеттілігі;

5) **тұлға прагматиканы** – коммуникацияға қатысушылардың коммуникативтік білімі, іскерліктері мен дағдылары. Бұған: қарым-қатынас мәдениетін меңгеру, коммуникативтік нормаларды сақтау, коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды оңтайлы тілдікіске асыру, коммуникативтік байланыс орнату және қолдау, т. б. жатады [2, 147].

Қарым-қатынас мәдениеті – бұл негізінен сөйлеуде, өзара репликамен алмасуда және әңгімелесуде көрінетін мінез-құлық мәдениетінің бір бөлігі. Әрине, адамды қарым-қатынасқа үйрету, оған өзара қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында айналасындағылардың сөздері мен іс-әрекеттеріне дұрыс жауап беруді үйрету, оған осы әлеуметтік ортада қабылданған мінез-құлық моделін меңгеруге көмектесу қажет.

Ал оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті - баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау кезінде құрмет пен мейірімділікке негізделген, тиісті сөздік қорын және қатынас нормаларын пайдалана отырып, орындауын және қоғамдық орындарда, тұрмыста сыпайы мінез-құлық танытуды білдіреді.

Оқушы шетел тілі сабақтарының қарым-қатынас сабақтары екенін түсінуі тиіс. Бірте-бірте ол коммуникация техникасын, қарым-қатынас этикетін меңгере бастайды және, соның арқасында қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейі үшін жағдайлар жасалады. Мұғалім мен сыныптастарымен қарым-қатынас жасауағылшын тілін үйренудің бір себебі болады.

Шетел тілдік қарым-қатынас мәдениетін оқыту әдістемесіне тікелей қатысты негізгі мәселелерді анықтау барысында туындайтын мәселелер:

1) Оқыту үрдісінде қарым-қатынас мәдениеті компоненттерінің бір-бірімен қалай байланысатыны туралы мәселе: қандай да бір кезеңде, мысалы, стилистикалық адекватты сөйлеуді дамытып, содан кейін логика және басқа да сөйлеу сипаттамаларымен (мысалы, мәнерлілікпен) жұмысқа ауысу қажеттілігі немесе сөйлеудің көрсетілген қасиеттерін бір мезгілде дамытудың неғұрлым ұтымды болуы. Ғалымдар қарым-қатынас мәдениеті компоненттері нақты коммуникацияда өзара байланысты болғандықтан, олардың бір мезгілде, яғни, қатар дамуы неғұрлым ұтымды деп санайды.

2) Білім алушылардың релевантты түсініктерін, мысалы: қарым-қатынас мәдениеті және оның аспектілері, сөйлеу орындылығы және тағы осындай ұғымдар (стиль, стильдік ерекшеліктер, экстралингвистикалық факторлар, ресми және бейресми стильдердің мәні және т.б.) ұғынуымен байланысты. Бұл ретте білім алушыларға осы ұғымдармен тек

теориялық мәліметтерді хабарлау немесе осы ұғымдарды меңгеру үшін оқушылардың өздерінің белсенді қызметін ұйымдастыра отырып таныстыруды шешу керек.

3) Білім алушылардың қарым-қатынас мәдениетіне қол жеткізу үшін қажетті тіл құралдарын меңгеру жатады. Бір жағынан, мұнда лексикалық және грамматикалық құралдарды, сөйлеу этикетінің формулаларын, сондай-ақ оқыту процесінде қолданылатын жағдайларды іріктеу қажет. Екінші жағынан, іріктелген материалды игеруге бағытталған жаттығулар жүйесі әзірленуі тиіс. Өйткені, қарым-қатынас мәдениетінің негізінде тіл ұсынатын бірқатар мүмкіндіктерден ауызша немесе жазбаша жаттығулар таңдау, сондай-ақ жаттығулардың білім алушыларда «мәдени» сөйлеудің негізгі сапасын қамтамасыз ету мақсаты болуы тиіс. Сонымен қатар осы таңдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір құралдар қорын құру қажет.

4) Сөйлеу тәжірибесін ұйымдастырумен байланысты. Алдыңғы кезеңде жеке-жеке зерттелген тілдік құралдар шығармашылық сипатқа ие болатын коммуникативтік тапсырмаларды орындау үшін кешенді түрде пайдаланылуы тиіс.

Ең алдымен, оқушылардың қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуының нақты деңгейін анықтау керек. Жоғарыда айтылғандардың негізінде жоғары сынып балаларының қарым-қатынас мәдениетін анықтау бойынша қажетті диагностикалық әдістемелер таңдап алынады. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында жоғары сынып оқушыларына келесі диагностикалық әдістемелер қолданылады:

– В.В. Синявский, В. А. Федорошинің «Коммуникативтік қабілеттер» тест-сауалнамасы [3, 339];

– А.В. Батаршевтың «Тыңдай аламыз ба?» қарым-қатынас жасай алу қабілеті диагностикасы;

– А.В. Батаршевтың «Мен сыпайымын ба?» қарым-қатынас қабілетін диагностикасы [4, 336];

– Ю. Гильбухтың «Тест-сөздік» диагностикасы [5, 30].

Осы диагностикалық әдістемелер бойынша зерттеу СҚО Уалихан ауданы Бидайық ауылының Бидайық орта мектебінде жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілді. Экспериментке 55 оқушы қатысты. Жоғары сынып оқушыларының жасы 15-18 жасты құрайды.

Осы зерттеу барысында алынған деректердің сапалы талдауы жоғары сынып жасындағы балалар қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейіне ие емес деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылып кеткендей, қазіргі уақытта шет тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі баланың жеке басын, оның ойлау қабілетін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту болып табылады. Оқушылар ең алғашқы қадамдардан бастап оқылатын тілмен қарым-қатынас құралы ретінде танысады және бірте-бірте қарым-қатынас мәдениетін білмей-ақ үйренеді. Ағылшын тіліндегі қарым-қатынас мәдениетін диалог негізінде қалыптастырған жөн.

Шет тілдік диалогтық қарым-қатынасқа оқыту кезінде әр түрлі диалогтарды меңгеру ғана емес, сондай-ақ оқушыларды тілдік мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын тез қабылдауға дайындау көзделеді. Оқушылар диалог құрудың әртүрлі стратегиялары мен тактикасын саналы түрде пайдалану үшін және сұхбаттасушының әр түрлі репликаларына реакцияларды қалыптастыру үшін оқу алдына сөйлеу барысына әсер ететін әртүрлі коммуникативтік міндеттер қою қажет. Сондай-ақ диалогты оқыту кезінде жеке тілдік мінез-құлықты емес, өзара іс-қимылдың белгілі бір стратегиясы мен тактикасын жасаған дұрыс. Бұл оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, сыпайы және әдепті сөйлеу тәртібін үйрету үшін қажет. Қарым-қатынас мәдениетін дамытуда диалог әдісін қолдану жолдары:

1. Мұғалімнің коммуникативтік тапсырмасы бойынша оқушылардың диалог құруы.

Мұғалімнің әртүрлі коммуникативтік міндеттеріне сәйкес оқушылар жасаған диалогтар мысалдарын қарастырайық: «Әңгімеге кіріспе», «Танысу». Диалогтардың әрқайсысында

әңгімелесушілер сөйлеу этикеті формуласының көмегімен олардың бір-бірін көруге қаншалықты қуанышты екенін, бір-бірі жайлы қаншалықты хабардар екенін, өзара түсіністік үшін алғыс білдіретінін көрсетеді. Оқушылар ағылшын тілінде сыпайы қарым-қатынас жасауға үйренеді. Қарым-қатынас мәдениеті шетел тілдерін оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Мұғалімнің коммуникативтік тапсырмасы бойынша құрылған диалогтарды сахналай отырып, оқушылар ағылшын тіліндегі қарым-қатынас мәдениетіне қосылады.

2. Функционалдық тірек көмегімен оқушылардың диалогын құру.

Диалогтық сөйлеудің басты ерекшелігі - оның эвристикасы, бұл жоспарланбаған, стандартты емес, болжамсыз, шығармашылық бастама. Сондықтан да қарым-қатынасқа оқыту кезінде функционалдық тіректер үлкен көмек көрсете алады. Олар сөйлеуге қажетті тізбектеле орналасқан сөйлеу міндеттерінің атаулары болып табылады.

Функционалдық тіректермен жұмыс істеу әдістемесі:

- 1) диалогты оқу;
- 2) сұрақтардың көмегімен әрбір репликаның қандай қызмет атқаратынын анықтау;
- 3) қызметтер бойынша диалог моделін құрау;
- 4) модель бойынша диалогты ұйымдастыру;
- 5) жағдайды өзгерту және сөйлеушілердің тактикасы қалай өзгеретінін көрсету;
- 6) өзгертілген модель бойынша пікір айтуға тырысу.

Функционалдық тіректер әр түрлі сөйлеу жағдаяттарынан шығуға және тіл тұрғысынан ғана емес, сыпайылық тұрғысынан да сауатты реплика құру арқылы өзін сынауға мүмкіндік береді. Функционалдық тіректер оқушыларды сөйлеу мәдениеті нормаларын сақтауға бағыттайды: сәлемдесу, сұраққа жауап беру, сұрақ қою, қоштасу.

3. Рөлдік ойындар негізінде диалог құру. Оқушылардың рөлдік ойындар түрінде диалог құруы тиімді болып табылады. Белгілі тақырып бойынша диалогты ұйымдастыра отырып, оқушылар сөйлеу этикетінің формулаларын пайдаланады. Сол арқылы олар оқытылатын тілде қарым-қатынас мәдениетіне үйренеді. Бұл тәсілдің мақсаты:

- қажет мәліметтерді ала отырып басқа оқушыларды тыңдай алу қабілетін дамыту;
- тілдік этикет формулаларын қолдана отырып әңгіме жүргізе алу қабілетін дамыту;
- коммуникативтік қабілеттерді қалыптастыру.

Оқушылар рөлдерге бөлінеді және белгілі бір жағдайды диалог түрінде ұйымдастырады. Бұл қалыптасқан проблеманы шешуге, дұрыс шешім жолдарын таңдауға, сондай-ақ белгілі бір жағдайларда қарым-қатынасты сыпайы құру тәсілдерін пайдалануға ықпал етеді.

Диалог құрудағы қарым-қатынас мәдениеті қарым-қатынас кезіндегі оқушылар арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Ол белгілі бір достық көңіл-күй құруға және соңында оқушыларға қойылған мақсаттарға жетуге көмектеседі.

Оқушыларды ағылшын тіліндегі қарым-қатынас мәдениетіне үйрету үшін оларды тек қана сөйлеуге ғана емес, сондай-ақ ойлауға үйрету қажет.

Жоғарыда айтылып кеткендей, қазіргі уақытта шет тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі баланың жеке басын, оның ойлау қабілетін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту болып табылады. Оқушылар ең алғашқы қадамдарынан бастап оқылатын тілмен қарым-қатынас құралы ретінде танысады және бірте-бірте қарым-қатынас мәдениетін білмей-ақ үйренеді. Ағылшын тіліндегі қарым-қатынас мәдениетін диалог негізінде қалыптастырған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бочарникова М. А. Понятие «коммуникативная компетенция» и его становление в научной среде // Молодой ученый. – 2009. – №8. – С. 130-132. – URL <https://moluch.ru/archive/8/566/> (дата обращения: 17.01.2019).
2. Культура русской речи и эффективность общения 1996: 147-149; Культура русской речи 1998: 58-68.

3. О.Н. Истратова, Т.В. Эксакусто. – Ростов-на-Дону // Психодиагностика: коллекция лучших тестов / О.Н. Истратова, Т.В. Эксакусто. – Издание 3-е. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. – С. 339-344. – (Психологический практикум).
4. Батаршев А.В. Темперамент и характер: Психологическая диагностика. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2001. – 336 с.: ил. – (Психология для всех).
5. Смелкова З.С. Педагогическое общение: Теория и практика учебного диалога на уроках словесности. – М.: Флинта Наука, 1999. – 324 с.
6. Гильбух, Ю.З. Метод психологических тестов: сущность и значение / Ю.З. Гильбух // Вопросы психологии: издается с 1955 года / Ред. А.М. Матюшкин, А.В. Брушлинский. – 1986. – №2 март-апрель 1986. – с. 30-43.